



«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





ТӘРКІ ДҮНИЕ

Түн. Үрей шақыратын қап-қара түн. Үй жанындағы «Тянь-Шань» мейрамханасының шаң-шұң музыкасына еліккен жастардың дырдуы ғана ояу. Көше бойымен ерсілі-қарсылы қайшыласып діңкелейтін машина атаулы саябыр тапқан.

Тек төсегінен безініп, жаны қыдырып жүрген әлдекімнің жеңіл көлігі абажадай кең бөлмеге анда-санда алагеуім жарық түсіріп өтеді.

Академик Саламатиннің жесірі үстіне жамылған атлас көрпені емес, арқалап жатқан ойын ауырсынып терең күрсінді.

Оң жамбасына аунап түсіп, жанындағы жар төсегін сипады. Сұп-суық. Денесі құсеттеніп тітіркенді.

– Өлгені шын болса, қара жер қойнын жылытып жатқан шығар жарықтығым, – деді күбірлеп.

Жар төсегін сипаған сайын ішін алабөтен бір қыжыл кернейді. Жаймен жылжып, жүрегінің басына келіп түйіншек боп қадалады.

Өз көңілін өзі аулағысы кеп, қысқа қиылып, жас туған қозының жүніндей жиі бұйраланған шашын салалы саусақтарымен тарағыштады.

ОТВЕРЖЕННЫЙ МИР

Ночь. Бердящая души черная ночь. Затихли громкие звуки проезжающих по улице встречных машин. Не утомился только шум молодежи, танцующей под грохочущую музыку ресторана «Тянь-Шань», что расположился у дома.

Лишь изредка огромную комнату освещает на миг отсвет легковых машин, хозяева которых то ли страдают бессонницей, то ли наслаждаются праздником в душе.

Вдова академика Саламатина глубоко вздохнула не от тяжести атласного одеяла, накрытого на нее, а от навалившихся мыслей. Повернувшись на правый бок, провела рукой по постели супруга. Не теплится. Тело, покрывшись гусиной кожей, задрожало.

- Если и вправду умер, наверное, греет пазуху холодной земли, свет мой, – пробормотала она.

Каждый раз, глядя постель супруга, переполнялась внутри каким-то жгучим чувством. Медленно скользая, оно вонзалось занозой в сердце.

Желая уловить свои чувства, стала длинными пальцами расчесывать короткую стрижку, густые, вьющиеся волосы которой напоминали шерсть ягненка.



Көзін жұмып мақтадай үлпілдеп тұрған алақанымен маңдайын сипаған, ойылыңқырап түскен екі әжімі құрғыр...

Оты қайта бастаған көздің айналасындағы ұсақ-ұсақ... Атақты әншілердікіндей бет терісін тарттырып, пластикалық операция жасатса қайтер еді? Опа-далаптың да қауқары жетпей барады.

Құртқа шапқан көңілі түскір-дағы. Жесір қатынның бетіне кім ас құйып ішкелі ынтығып жүр дейсің?..

Қасын баптағанды да қойды. Әншейінде айнаның алдынан шықпай, белі майысқан инеліктей темір қышқашпен талдап-талдап жұлып, сәуірдің жаңа туған бір тілім айындай ие қоятын.

– Жарқыным-ау, менің бала кезімнен бастап жұлып келе жатсың. Қас таусылған соң неңді жұласың? – дер еді академик Саламатин шаштан әлдеқашан ада болған шекесі жалтырап.

Сосын әдемі жүзіне қызыл шырай жүгіріп, көзі емес, көзәйнегі күлетін. Онысы тұла бойына түгел шауып, ұзақ селкілдейтін.

Осыдан қырық жыл бұрын, сәмбі талдай ырғалып тұрған шағында көрген аспирант Саламатин.

Жүні жұлынып, саудаға түскен тауықтар құсап мединституттың мәйітханасында тырайып жататын өліктердің ішек-қарынын ақтарып, қан-қан қандауырын жалма-жан қоя салып, қағаз-қаламына жармасып, мұрын астынан міңгірлеп, онысын жетекшісі тұрмақ өзі түсінбей қалатын бейнетқор қасқа еді.

Жүдеу иінін ақсұр әдемі өңі ажарландырып тұратын. Сауық кешінде танысты. Жастық шіркінді қойсаңшы!

Алматының тал-терегін жағалай санап жүріп сүйісті. Көктемге салымғы көп сүйістің соңы басына ақ байлап, шүңірек көзді орыс шалының қоржын тамына келіншек боп түсуімен тынған.

Төсек-орын, қос қасық пен кесе, жетім аққұман-



Закрыв глаза, погладила лоб пухлой, как вата, ладонью, нащупала две углубившиеся морщины.

Да... и мелкие около вновь загоревшихся глаз... А если, уподобляясь знаменитым певицам, растянув кожу, сделать пластическую операцию? Воздействия кремов-пудр уже явно не хватает.

Все эти думы, конечно, от подавленного настроения. Как будто кто-то стремится любоваться вдовьим лицом.

Перестала ухаживать и за бровями. Обычно, не отрываясь от зеркала, щипцами, согнутыми посередине, как стрекоза, выдергивая их, вскидывала эти полумесяцы, словно луну, вновь родившуюся в апреле.

- Милая моя, с моих юношеских лет выдергивай их. Кончатся брови, что тогда будешь выщипывать? – Заметил бы академик Саламатин, блестя плешью, давно расставшейся с волосами.

Затем, на его сияющем красивом облике, заулыбались бы не глаза, а линзы очков. И смех, охватывая все его тело, долго бы тряс его.

Сорок лет тому назад, в пору, когда она цвела, как тростник, встретила с аспирантом Саламатиным.

Словно общипанная курица, попавшая на торговый прилавок, разрезая внутренности лежащих в морге мединститута трупов, тут же откладывая окровавленные хирургические инструменты, хватаясь за бумагу и ручку, мурлыча сам себе под нос, что не понимал не только его руководитель, но и он сам, был трудолюбивым не от мира сего существом.

Его худобу украшала бледность красивого облика. Познакомились на вечеринке. Дивная молодость!

Целовались возле каждого кустика, каждого дерева. К весне масса поцелуев окончилась тем, что, завязав на голове белый платок, стала супругой.

Сняли в аренду квартиру. Кроме постели, пары



нан басқа дәнеңесі жоқ жалқы жігіт.

Жалғыз қыздың жалаңаяқ аспирантқа шыққанына наразы боп үй іші шалқалап бақты.

Құлдық ұрып шақырып, астарына таза көрпе жаяр, алдарына бас пен жамбас тартар құда-құдағидың жоқтығына қоңылтақсыды.

Әкесі жарықтық қолындағы таяғын жерге, мұртын көкке шаншығанымен, келе-келе жібіді. Мүйізі шаңырақтай күрең қасқа сиырды енші ғып берген. Күйеуі кандидаттық қорғағанда мәңіретіп банкетке сойды емес пе?..

Төбесіне әтештің айдарындай қызыл шам байлаған милицияның машинасы қараңғы көшені азан-қазан қып жанығып өте шықты. Алматы қаптаған рэкет. Біреу-міреуді қуған шығар деп ойлады естелік еміп жатқан жесір...

...Саламатиннің диссертациясының тақырыбы да қызық болатын. «Адам – маймылдың ұрпағы».

Биология мен медицинаның ортасынан шыққан метис зерттеу еді өзі. Құлақ біткенге сіңісті боп кеткен Дарвиннің қағидасына қарсы дау айтып, бас шайқап жатқан пенде жоқ.

Аспирантқа айтқызсаң, адамдар қазіргі маймылмен ет бауыр туыс емес. Алыстан қосылатын жұрағат.

Біздің тікелей бабамыз – осылардың бір бұтағы. Ағашқа өрмелеп жүріп мертліккен бе, әлде таудан тайып құлаған ба – жаппай қырылып қалыпты жарықтықтарым.

Сондарына біздей есі бүтін ұрпақ тастап кеткеніне шексіз риза еді сол кездегі Саламатин.

– Оттап... Адам атаны қайда қоясың? Мұз үстінде жүкті боп, тоғыз айдан соң толғатқан Хауа ананың бейнеті әлгі нәжісін жеп қисақтаған маймылыңнан кем соғып па? – дейтін әкесі ашу қысқандағы дағдысымен түкірігіне шашалып.



ложек, чашки и чайника у одинокого парня не было ничего.

Брак единственной дочери с аспирантом-босяком вызвало в доме родителей переполох и возмущение.

Отсутствие свата и сваты, кто бы стал с ними клясться в вечной верности, стелил под них свежую постель, преподносил им голову барана и его тазовую кость, также огорчало их.

Покойный отец, хотя и втыкал трость в землю, а ус в небо, со временем смягчился. В качестве приданного выделил темно-красной масти корову. Затем ее, мычашую, зарезали для банкета в честь защиты кандидатской диссертации мужа...

Милицейская машина с красной мигалкой, похожей на гребешок петушка, разрезала тишину ночной улицы воем сирены. В Алматы сплошной рэкет. Наверное, кого-то преследовали, подумала вдова, доившая память...

Интересной была и тема диссертации Саламатина. «Человек – потомок обезьяны».

Исследование проводилось на стыке биологии и медицины. Не было никого, кто бы стал опровергать или осуждать ставшую привычной для слуха теорию Дарвина.

По аспиранту, люди и нынешние обезьяны не являлись близкими родственниками. Смыкались лишь дальними корнями.

Наши прямые предки – одна из ветвей этих корней. Вымерли, то ли лазая по деревьям, то ли погибли, поскользнувшись с высокой горы.

Саламатин той поры был очень доволен тем, что, тем не менее, они оставили таких, как мы, разумных отпрысков.

- Чушь... Куда денешь Прародителя Адама? Получается, страдания Праматери Хауа, зачавшей на льду и родившей через девять месяцев, не достойны питающихся своим пометом, ходящих вразвалку обезьян? – возмущался ее отец, при этом по привычке захлебываясь собственными слюнями.



– Дүниені келістіріп жаратқан – Алла. Жасаған иемнің күдіретіне қол сұғайын деп пе ең? Хауа ананы Адам атаның қабырғасынан...

«Қабырғаммен кеңесейін» деймін мен де анда-санда. Ол – әйеліммен ақылдасайын дегенім. Аяқ астынан алжиын десе ғалымға да оп-оңай-ау...

Бастырмалатып сөйлеген атасына қарсы келмей, ақырын бағатын иіні жүдеу Саламатин. Оның үнсіздігі кірпі шаш қиқар шалдың жынын қайта өршітетін:

– Ал айт, дүние неден жаралды?

– Жай көзге көрінбейтін суда өскен бір клеткалы балдырдан.

– Түһ! – Қиқар шал күйеу баласының бұл сөзін естігенде отырған орнынан ұшып кете жаздайды. Өтгең, қанаты жоқ.

Айналасын қарманайды. Қарсы алдындағы меңіреу аспирантты жіберіп ұратын ештеңе таба алмай, қос қолы ауаны қармай береді.

– Не дедің?! – Сосын алақандай екі көзін ежірейтеді.

– Бір клеткалы...

– Клеткамен қоса құры, зәніңді!.. Ау, ит-ау, айтшы, көзге көрінбейтін пәлеңнен піл мен динозавр қалай өсіп шықты? Аузыңа су ұрттап алдың ба, жағың неге қарысып қалды? Мә, бір түйір топырақ, мықты екенсің, осыдан тау жасап берші маған!

– Енді миллиондаған жылғы даму эволюциясы...

– Революция болса да черт с ней. Ал миллион жыл күтейін...

– Қағынбай жайыңа отырсаңшы, – деп шешесі араша түсер еді. – Баланың миын су ғып жібердің ғой.

– Балдырдан – маймыл, одан адам шыққан деп... Қаралай жынынды қоздырып... Бәлкім, адамнан маймыл туған шығар. Оның құлаққа қонады.



- Мир создал и совершенствовал Аллах. Решил поднять руку на Всемогушество Создателя? Пра-матерь Хауа была сотворена из ребра Адама...

Иногда даже я говорю, что посоветуюсь со своим ребром. Это значит, что я должен посоветоваться со своей женой. Оказывается, впасть в маразм очень легко даже ученому.

Не смел, перечить давящим речам тестя художественный Саламатин. Молчание его еще больше распляло душу упрямого, с прической, как иголки ежа, старика.

- Так, скажи, из чего создана жизнь, все живое?

- Из невидимых обычному глазу одноклеточных микроорганизмов.

- Тьфу! – упрямый старец, слыша эти слова своего зятя, чуть ли не взлетал со своего места. Только крыльев не хватало.

Щупал все вокруг. Не найдя ничего, чем можно было бы пристукнуть непонятливого аспиранта, сидящего напротив, хватал двумя руками воздух.

- Что ты сказал? – выпучивал оба глаза, величиною с ладонь.

- Одноклеточное...

- Пропади вместе со своей клеткой, негодник... Эй, ответь, как из невидимой глазу твоей ерунды выросли слоны и динозавры? Что, в рот воды набрал, челюсти судорогой свело? На, горсть земли тебе, сделай мне горы, ты же у нас сила.

- Но ведь много миллионов лет шла эволюция...

- Да хоть революция, черт с ней. Что ж, подожду миллион лет.

- Сидел бы, дурью не маясь, – защищая его, вмешивалась, теща. – Совсем уж залил водой мозги бедного мальчика.

- Из водоросли обезьяна, от нее человек возник, – говорил, будоража черную злость. А может, от человека родилась обезьяна. Это, все же, ближе для слуха.



– Туса туған шығар, ауылдағы Қойшыбай құрда-
сыңның маймылдан несі артық?

– Сен кемпір де аяқ астынан прәпесір бола қал-
лыпсың. Маймылға кіндіктерің мықтап байланып
қалған екен, қидым сендерге. О несі-ай?!

Орындықта сүмірейіп отырған күйеуіне қарап
өзара айтысып кеткен әке-шешенің ерке-тотай
жалғыз қызы сылқ-сылқ күлер еді...

Жар төсегінде жалғыз жатқан жесір тағы бір ау-
нап түсті. Қамаспай қойған кірпік ұшына дым
білінді. «Тянь-Шаньнан» тарқаған жастардың да-
урықпа әні естілгендей.

Ұл-қызы бірдей мас шығар. Күндегісі осы. Еріксіз
құлақ түрген.

Ән дегені боғауыз екен. Түйдек-түйдегімен ағы-
тып жатыр. Орысша-қазақшасы аралас.

Екі тілге де теңдік беріпті. Әй, сабазың, оқығаны
қатты біреу-дағы.

Қыз бажылдап жылап, жігіт сыбайды кеп. Беті ау-
лақ! Өзімен кеткей!

...Саламатин кандидаттық қорғауға таяп қалғанда
Мәскеуден ұшып жеткен жетекшісінің бірі «Қай-
ткенде де тірі маймыл табу керек, соны мүшелеп
сойып, өкпе-бауырын зерттейміз. Қорытынды
соған қарап шығады...» деді ме-ау, өзімен бірге
алашапқын ала келген.

Онсыз да мұрнына су жетпей танаурап жүрген
аспирант Алматының көшесінде талып жығыла
жаздады.

Құдай-ау, екі өркеші баладай бура союға болар.
Тірі маймыл бұл күнде қолға түсе ме?

Ес-түстен айырылып, сенделіп жүрген байғұсқа
өзіндей біреу ақыл беріпті.

Содан тақасы қисайып ертеңді-кеш зоопаркті
жағаласын.



- Возможно и так, чем лучше обезьяны твой ро-
весник из аула Койшыбай?

- И ты старуха, откуда ни возьмись, лезешь в про-
фессора. Смотрю, пупки ваши сильно привязаны
к обезьяне, ну что ж, отдаю ей всех вас. О, что за
блажь!

Глядя на мужа, понуро сидящего на стуле, пере-
палку отца и матери, единственная и избалован-
ная дочь безудержно смеялась.

Лежащая на постели мужа одна, вдова переверну-
лась на другой бок. Кончики общипанных бровей
насторожились. Как будто слышались крикли-
вые песни молодежи, расходившейся после ре-
сторана «Тянь-Шань».

Пьяны, наверное, и юноши, и девушки. И так еже-
дневно. Невольно прислушалась.

Оказывается, она приняла за песни нецензурную
брань. Поливают с головы до ног. Матерятся на
казахском и русском попеременно.

Что ж, приравняли же эти два языка. Вот удалец
негодный, видать, что переучился.

Девушка визжит и плачет, джигит ее бранит. Бог с
ними, или черт. Пусть сами разбираются.

... Перед защитой кандидатской Саламатина один
из его научных руководителей, прилетевший из
Москвы, распорядился: любой ценой надо найти
живую обезьяну, разрезать ее, чтобы исследовать
внутренние органы. Считал, наверное, что дело
упрется в это, – привез с собой огромный тесак.

Аспирант, и так измотанный суетой, чуть было не
потерял сознание на улице Алматы.

Боже, можно им зарезать и двугорбого верблюда,
каждый горб которого величиной с выросшего
мальчика. Но разве в наше время можно найти
живую обезьяну?

Потерявшему цвет лица и рассудок, мытарствую-
щему аспиранту кто-то из товарищей дал совет.

После этого, искосив каблук, с утра до вечера мо-
тался у зоопарка.



Ақыры әбден қартайып, жағы босап, көзі суалып, төсек тартып жатқан бір горилланы тауыпты.

Майда-майда сөйлеп сұраса, мұның бағасы бәленбай мың деп директоры мұрнынан ақ құрт ыршып маңына жолатпайды дейді.

Үйге ертіп әкеліп қазан көтертіп, жал-жая асатып, әке-көкелеп жүріп қалап алған өлексені. «Жедел жәрдеммен» апарып ғылым жолында құрбандыққа шалған сорлыны.

Кейін құрдастары күлкі қылған:

– Ойбай, Саламатиннің сойған маймылы ұрпағының қорлығына төзбей төбелесіп, қазақша боқтады. Ата-бабамыз екені расқа шықты.

– Жо-жок, маймыл емес, ішіп-ішіп маскүнем боп кеткен біреу екен, – деп.

«Саламатиннің маймылынан» құтылдым-ау дегенде көргенінен жазбайтын жетім байғұс іле-шала докторлығына кіріскен. Мәскеулік жетекшісі табанын қыздырып кетсе керек.

– Ел секілді емін-еркін тынығу бізге бұйырмаған ғой, – деп ілкіде тортаңдағанмен іштей теріс көрмеді. Кандидаттың қатыны атанғаннан гөрі ғылым докторының бәйбішесі деген айтар ауызға сүйкімді емес пе?!

– Тақырыбың тағы да маймыл ма?

– Иә, мекеннің өзі.

– Екеуін пышаққа іліндірсең, докторлығың дайын.

– Бұл жолы соймаймын. Адамға айналу процесін зерттеймін.

– Қалпақпен қағып аласың, – дейді әзірше кандидаттың жұбайы іліп-қағып. – Өткендегі гориллаң қазаққа туыс боп шықты. Шимпанзені грузинге қия сал!

Сөзі де, тақымы да асау жұбайының әзіліне Сала-

Наконец нашел совсем состарившуюся, со слезящимися глазами и обвислой челюстью, умирающую гориллу.

Вежливо поинтересовавшись, узнал, что цена ее несколько тысяч, а директор, напустив на себя важность, и не стал выслушивать.

Пришлось, уговорив его, пригласить в гости, ублажая деликатесами, унижаясь, еле-еле заполучить доходягу. Погрузив на «Скорую помощь», бедолагу принесли в жертву на благо науки.

Позже ровесники смеялись над ним:

- Вот тебе да, обезьяна, зарезанная Саламатиным, не выдержав мук от потомков, дерясь, разразилась матом на языке казахов. Воистину оказалась нашим предком.

- Не-нет, была не обезьяна, а какой-то спившийся бродяга, – спорил другой.

Только было, решила, что избавилась от обезьяны Саламатина, как целеустремленный несчастный сирота тут же приступил к теме докторской. Видать, московский руководитель, восхваляя, вдохновил его.

- Видимо, не суждено нам свободное, как у всех, отдохновение, – хотя и брюзжал вначале, но, видать, внутренне был не против этого. – Разве не приятнее быть женой доктора наук, чем слыть супругой кандидата?

- Тема твоя опять обезьянья?

- Да, ее Величества.

- Если на этот раз пустишь под нож уже двоих, – докторская диссертация готова.

- На этот раз не буду резать. Буду исследовать процесс превращения в человека.

- Та горилла оказалась родственницей казаха. Теперь грузину предоставь предка в лице шимпанзе. Дело будет в шляпе.

Благодаря обезьяне, получив квартиру в самом



матиннің көзәйнегі маз боп күлетін. Маймылдың арқасында астананың қақ ортасынан ойып тұрып үй алып, төбесіне чехтің люстрасын сыңғыр қақтырып ілген кандидат қозы көш жерден қылаң берген докторлығына көп қамшы салдырмады.

Фридрих Энгельстің коммунизм елесі ішінде ада-сып жүріп айтып кеткен белгілі уәжін сәл-пәл қырнап, «Маймылды адам еткен – еңбек» деп ой түйді.

Данышпанмен пікірлес ғалымның жолында тас жатсын ба, көзәйнегі аз-кем қалындағанмен жіліктің мырза басын ұстап шыға келді.

Биік дәреже тау етегінде баққа бөккен саяжай боп қол бұлғады. Көгілдір түсті жеңіл көлік боп көлденең тартылды.

Сіліңгірдей Саламатинге қозы қарын байланып, қызметі өскен сайын жұмсақ-жұмсақ креслоларда жиі-жиі үйелейтінді шығарды.

Жер шарына данқы жайылды. «Маймыл әулетінің асқан білгірі, Дарвиннің өзі аузына түкіріп, батасын беріп кеткен шәкірті», – деп табақтай-табақтай суретін басып, шетел баспасөзі түгелдей шуласқан...

Түн ортасы ауғалы не заман?! Әр жылдарға бір тоқтап, қылаң беріп қашқан ой қарасын көрсетер емес.

Құрып кетсін, көз шырымын алайын деп көрпесін бүркенген. Көз жұмғаныңмен астан-кестен боп жатқан көңіл шіркін мызғи қоя ма?

Әлгі беймаза ой басынып, атлас көрпенің ішіне тығылған жесірді түрткілейді.

Көшеден құтпан айғырдай азынап «Жедел жәрдем» өтті. Біреуді ажал аранынан алып қашып бара жатыр-дағы. Даусы неткен зарлы еді пәлекеттің?..

Академик атанып, алты айға Африкаға барып келуі мұң екен, маймылдармен ақылдасқандай, Саламатинді албасты басты.



центре столицы, повесив на потолок чешскую люстру, кандидат наук недолго добирался до защиты докторской.

Немного отшлифовав известное положение Фридриха Энгельса, оставленного им во время блуждания вместе с призраком коммунизма, вывел тот же самый итог: «Труд создал из обезьяны человека».

Разве может оказаться камень на пути исследователя, если он единомышленник великого гения, – хотя и утолстились линзы его очков, но сам он вышел почетным ученым.

Высокое положение в мановение руки превратилось в «фазенду» у подножия гор. Обернулось легковой машиной цвета неба.

У чудосочного Саламатина появилось брюшко, с каждым повышением в должности выработал манеру вальяжно откидываться на мягких креслах.

Слава его разошлась по всему миру. Стали говорить, что сам великий знаток обезьяньего рода Дарвин благословил своего ученика, огромные портреты которого печатались на страницах зарубежной прессы...

Время давно уже перевалило за полночь. Воспоминания, останавливаясь на эпизодах различных лет, стремительно бегут, не давая возможности зафиксировать их четко.

Пропади все, решив вздремнуть, с головой ушла под одеяло. Разве оттого, что закрываешь глаза, настроение может впасть в дрему?

Эта беспокойная мысль, давя, тычет спрятавшуюся под одеялом вдову.

По улице, пронзительно воя, как жеребец во время гона, промчалась «Скорая помощь». Наверное, вырвав кого-то из пасти смерти, увозит в лоно спасения. До чего же резок этот звук, зараза...

Став академиком, съездил на шесть месяцев в Африку. После этого стал томиться, словно после совета с обезьянами, в него вселился сам дьявол.



Басқаны емей немене, әлемді аузына қаратқан ғалым күндіз-түні үйге сыймай дөңбекшіді.

Кішкене сәбиді әуелете көтеріп тұрған маймылдың мрамордан ойған бейнесін жазу столынан терезеден сыртқа жұлып алып ытқытты.

Әр бетіне көз майын тамызып жазған қалыңдығы жарты қарыс оқулық кітаптарын жиып апарып саяжайда өртеді.

– Қарашы, тіпті жанбайды. Өңшең өтірік отқа күйетін бе еді? Шындық болмаса... – деп аласұрып құтырынды. – Өмірлік идеяларымды ұшырып жатырмын, – деп күлін көкке шашты.

Бұл үнсіз егіліп, күйеуін ақылынан алжасты деп ойлаған.

Артынша Рио-де-Жанейрода өткен дүниежүзілік жиында ғалымдардың жағасына жармасып:

– Адам қанының құрамынан тың элемент таптым. Бұл маймыл тұрмақ, жер бетіндегі жан-жануар атаулының ешқайсысында кездеспейді.

Демек, адам маймылдан өрбіген жоқ. Дарвинизм ғылымы жалған. Бізді теріс бағытқа салып жіберді, – деп ашық аспан астында найзағай ойнатпай ма?

Маймылды малданып шен-шекпен иеленген қасқа бас ғалымдар тек тұрсын ба, өре түрегеліпті.

Тоқсан тоғыз тілде шуласыпты. Мініп тұрған мінберіне ұмтылысыпты.

– Әй, делқұлы академик, сенің ойыңша адам баласы қай ұрықтан жаралды?!

– Бұл не деп оттағаның, ғылымның садағасы кеткір!

– Дарвин мен маймылдың киесі ұрғыр!

– Айт дәлелінді!

– Шекшиіп тұрысы жаман екен, желкелеп түсіріңдер! – дескен.



Как же не дьявол, коли ученый, обративший взоры всего мира на свои уста, не находил себе места дома и днем, и ночью.

Коли он из окна выбросил мраморную статуэтку со своего стола, на которой была изображена обезьяна, высоко поднимающая на руках человеческое дитя.

Ко всему тому, собрав все свои толстенные опусы, над каждой страницей которых он корпел, теряя зрение, повез и сжег их на даче.

- Смотри, совсем не горит. Разве можно спалить сплошную ложь. Другое дело истина... – бормоча так, стал подбрасывать, словно его бес попутал, пепел в небеса, приговаривая: – Отправляю в полет идеи всей своей жизни.

Она стояла тихо и молча, думая, что муж сошел с ума.

Позже на проходившей в Рио-де Жанейро всемирной научной конференции, он, выступив с речью:

«В составе человеческой крови я обнаружил новый элемент. Он не присущ не только обезьянам, но и всем живым организмам на земле.

Словом, человек не произошел от обезьяны. Дарвинизм – ложная, не научная теория. Ведет нас по неверному пути», – произвел фурор в научном мире.

Разве после этого могли оставаться безразличными лысые академики, получившие за счет обезьяны массу чинов и регалий, все они вскочили с мест.

Начали шуметь на девяносто девяти языках. Рвались к нему на трибуну.

- Эй, дутый академик, откуда, по-твоему, произошел род людской?

- Что за бред здесь несешь, да стань ты жертвой науки!

- Да проклянут тебя святость Дарвина и обезьян!

- Приведи доводы!

- Ишь, стоит, как ни в чем не бывало. Вынесите его вон за шиворот!



– Адам баласы космостан әкелінген, – дейді Саламатин аспай-саспай сұқ саусағымен аспанды түртіп. – Менің ойымша, бұл – өзіміз гуманоид деп айдар таққан жатжерліктердің әрекеті.

Адам баласы олар үшін тәжірибе құралы ғана. Күн жүйесіндегі, өзге де жұлдыздар шоғырындағы планеталарда өте жоғары даму сатысында өмір сүріп жатқан тіршілік иелері бар. Біз – солардың ішіндегі ең ақымағымыз. Сондықтан да әлі күнге дейін өзімізді маймылдың ұрпағы санап жүрміз.

– Біздің авторымыз әлгі құбыжық гуманоид пе?!

– Тірі пенде естімеген сұмдық! – деген ызалы айқай сәулетті залды жарып жібере жаздаған.

– Дәл өзі! Әттең, сәтсіз жасалған тәжірибеміз, – дейді Саламатин мінбердің екі қапталын мықтап ұстаған күйі.

– Өйткені миымызға абайсызда зиянды түйсік қосылып кеткен. Оның аты – жауыздық! Олар соған қатты өкінеді. Маған төрт-бес жыл мұрсат беріңіздер. Ғылыми жаңалығымды тайға таңба басқандай ғып дәлелдеп шығамын.

Шошынған ғалымдар тап сол жерде дауысқа салып:

– Бәріміз де маймылдың ұрпағымыз, – десіп қол көтереді де, жынды Саламатиннің әңкі-тәңкісін шығарып, абыройын ит құйрығына байлап жібереді.

Алматыға оралысымен зиялы ортаны ала тайдай бүлдірген немені ғылыми-зерттеу институтының директорлығынан демде босата салды.

– Шоқ, шоқ, – деп табалаған күндестері. – Пайғамбар жасына келгенде қағынуын.

Үндемей жүре берсе дәнене де жоқ қой.

Аспанмен тірескен үйдің төрт қабырғасына қамала-қамала зерігіп, басына тақия киіп, қолына піл сүйегінен жонылған таяғын ұстап көше кезген. Өзіне жақтастар іздеп, тізім жасап қол қойғызған.



- Человек привнесен из космоса, – произнес невозмутимо Саламатин, тыча пальцем в небо. - По-моему, то, что мы называем гуманоидами, не что иное, как действия инопланетян.

Человечество для них лишь орудие опыта. В Солнечной системе, на других планетах звездных скоплений существуют высокоразвитые и сознательные существа. Мы из них самые примитивные. Поэтому-то до сих пор считаем себя потомками обезьян.

- Авторами нашего создания являются эти чудовищные гуманоиды, да?

- Неслыханная наглость! – отражение этих злобных криков чуть ли не разрушило великолепный зал.

- Именно так. К сожалению, мы и есть неудачный опыт, – ответил ученый, крепко ухватив трибуну обеими руками.

– Потому, что в наш мозг случайно попал злокачественный комок. Его имя – злодейство! Они сильно огорчились тому. Дайте мне три-четыре года срока. Докажу свое научное открытие, словно выжженное тавро на коже жеребца.

Перепуганные ученые тут же, поставив вопрос на голосование, вынеся и проголосовав за резюме:

«Все мы – потомки обезьян», разбили в пух и прах зарвавшегося академика.

Сразу по возвращении в Алматы, субъект, потрясший уважаемый ученый мир, был освобожден от должности директора научно-исследовательского института. Завистники зашептали:

– Дожив до возраста пророка, превратился в бродягу. Ничего не было бы, если ходил бы, молча.

Запершись в четырех стенах высоченного дома, сидел до тех пор, пока не затосковал. Затем, надев на голову тюбетейку, взяв в руки трость из слоновьей кости, ушел на улицу искать своих единомышленников. Составив список, собирал подписи.



Миллионнан астам халқы бар қаладан жасаған тізімі жеті адамнан аспай дiңкелеткен. Көктемге салым:

– Өмір неткен ұзақ еді?! Ащы ішектей шұбатылып, таусылып бітпеді ғой, түге, – деп үйден налып шыққан. Содан ұшты-күйлі жоғалды. Біреулер Көктөбенің басынан көрдік десті. Ұшқыш тәрелкеге отырып кеткенін байқап қалдық десті. Қауесет көп, өзі жоқ.

Келесі көктемде жылын берген. Алғашқысында маймылдың нәсіліміз деп, кейінгісінде көктің перзентіміз деп мынау тәркі дүниені қайта-қайта есалаң қылған академиктің кәдесіне жиналған қалың нөпірдің есебіне жетпессін.

Соның көбі қайғырып емес, көкіректегі көптен бергі армандарын оп-оңай орындап берген өлімге (өлгені рас болса) рахмет айтып келіп жатқан сынды көрінген...

Аш бүйірден шымшыған ой бірте-бірте жай тауып, қаралы жесір талықсып жатып көз ілді. Осы сәтті баққандай қабырғада ілулі тұрған суреті өз-өзінен ісініп, тірі Саламатинге айналып сала берді. Аяғының ұшымен бір басып, екі басып дыбыссыз келді де, атлас көрпені еппен ашып жұбайының қойнына кірді.

– Жаурап қалдым, – деді сосын сыбырлап.

– Кімсің?

– Көктің ұлы, Құдайдың құлы, Мұхамбеттің үмбеті, Шадиярдың сәруарымын.

– Біз кіміз?

– Ешкім де емессіңдер!

Оқыс дауыстан шошып ояңған жесір бауырына көпшігін қысқан қалпы алақтап жан-жағына қараған. Саламатин көзәйнегі жылтылдап тез-тез шегінді де, қабырғаға жетіп, жансыз бейнеге қайтадан сіңіп кетті.

– Пісімілдә, пісімілдә, – деп алқынып терезеге ұмтылды. Жұлқып тартып пердені ысырды.

В городе, по населению превышающим миллион жителей, собрав лишь не более семи подписей, вконец отчаялся. Ближе к весне, сказав:

– До чего же длинна жизнь, волочась, как кишки, не заканчивается, – ушел из дома сердитым. После этого пропал без следа. Кто-то утверждал, что видел его на вершине Кок Тобе, кто-то убеждал, что заметил как он, сев на летающую тарелку, взмыл в небеса. Слухов много, самого нет.

Весной следующего года отметила годовщину. На поминки академика, вначале утверждавшего, что мы потомки обезьян, а затем убеждавшего, что мы – небесные существа, тем самым вконец запутавшего отверженный мир, народу собралось, видимо-невидимо.

Многие из них пришли не от тоски, а для того, чтобы насладиться давно вынашиваемой и легко осуществленной мечтой о его смерти (если только умер).

Мысли, щипавшие бока, постепенно успокоились, тосковавшая вдова, устав, заснула. В это время висевшая на стене картина, разбухая сама собой, превратилась в живого Саламатина. Ступая на цыпочках, беззвучно приблизившись и слегка раскрыв атласное одеяло, улегся рядом с супругой.

- Замерз, – шепнул он.

- Кто ты?

- Сын неба, раб божий, последователь Мухаммеда

- А мы кто?

- Вы никто!

Испуганно проснувшись от неожиданного звука вдова, озиралась вокруг, обняв подушку. Саламатин, блестя линзами очков, быстро-быстро отступив, дойдя до стены, растворился в бездушном портрете.

- Бисмилля, бисмилля, – молилась вдова, ринувшись к окну. Резко раздвинула шторы.



Таң құланиектеніп қалған екен. Жаңбыр бүркіп тұр. Соңы ұзаққа созылмаса қайтсін?..

Наступал рассвет. Моросил дождь. Наверное, он продлится ещё долго.

